Жалпы «Шыңғыс хан шежіресі» Қазанда кітап ретінде 1906 жылы басылып шыққан. Оны Жәңгір хан тұсында Орладық Молла Шарафиддинұлы Салахиддин деген адамнан жазылып алынға. Шежіре дерекке толы. Мәліметтердің өзін сол кездерде бар Шыңғыс хан жайында жазылған «Шайбаны неме», «Бабыр наме» және «Шыңғыс наме» сияқты еңбектерді қолданғанын байқауға болады.

Бұл шежіренің қазақ тарихындағы деректік маңызы ерекше болып келеді. Себебі, одан қазақ хандарына қатысты да мәліметтер кездеседі. Сондықтан қолжазбаны құнды жәдігерлердің қатарынан атауға болады (Қазақ жазбаларындағы, 2015: 4-6).

Бөлімдегі сирек қорда сақталған қолжазбалардың арасынан қазақ ағартушылары Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсаринның, Абай Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтердің еңбектеріне қатысты бар.

Ағартушы, ғалым, шығыстанушы, тарихшы, этнограф, географ Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановқа 30-дан аса папка арналған. Бұлардың арасында қолмен жазылған, фотокошірме, күнделіктер, газет қиындылары да кездеседі. Осы папкалардың ішінен мәселен, инвентарлық нөмірі 1189-шы папкаға көз жүгіртейік. Мұнда Шоқанның өз қолымен жазылған «Өткен жүз

жылдардан бастап 1840 жылға дейінгі аралықтағы Ташкентке көзқарас» (Взгляды на Ташкент с начала прошедшего столетия по 1840 года) еңбегі бар. Фотокөшірме, арнайы экспедициямен барған кезде Ресей кітапханаларынан әкелінсе керек. Қолжазба орыс тілінде жазылған. Қағаздың түсі қоңырқай түсті. Қолжазба 40 беттен тұрады (ОҒК. Қолжазбалар қоры. 23-қ., 1-т. 26-іс 40-б.).

Ғалым архивіндегі қолжазбаларының арасынан 1191-папкадағы «Шыңғыс Уәлиханов сұлтанның баласы Шоқан Уәлихановқа жазған хатын» атауымызға болады. Хат араб графикасында жазылған. 3-беттік (ОҒК. Қолжазбалар қоры. 25-қ., 1-т. 28-іс 1-3-бб.).

Ш. Уәлихановтың қорда сақталған шаман дініне қатысты «Қырғыздардың шамандығының ізі» (1195 папка), монғолдардың жаулап алуын түсіндірген, Солтүстік Азия, Астрахан губерниясының, Орынбор губерниясының, оңтүстік-шығыс Қытайдың, Орталық Қытайдың, капитан Мурашевтың Тифлистен Хиуаға сапары туралы карталар «Зайырлы адамдарға арналған сән журналы мен карталар» (1197, 1198 папкалар) қорында жинақталған. Жалпы бұл қолжазбаның барлық беті – 13 (ОҒК. Қолжазбалар қоры. 23-қ., 1-т. 23-іс 1-13-бб.).

Ұлы ойшыл, жас та болса ғылымға ерекше үлес қосқан Шоқандай ғалымның еңбектері өлшеусіз. Оның әрбір зерттеулері қазақ халқының тарихын зерттеуде дерек ретінде қолданылды және қолданылып келеді.

«Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет» бөлімінде қолжазбалармен қатар сирек кітаптар өте көп. Бұл кітаптарды маңыздылығы мен құндылығына келетін болсақ, біріншіден, олардың көнелігі болып табылады. Екіншіден, осы кітаптар арқылы Қазақстан және өзге халықтардың тарихы, әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүрімен танысуға болады. Үшіншіден, бұл кітаптардан дәлелді мәліметтер алуға болады.

Бөлімде сирек кітаптар кітаптардан, қазақ, орыс, шығыс. Шағатай, түркі тілдерінде жазылған кітаптарды жеткілікті. Сирек кітаптарды төңкеріске дейінгі және Кеңестік жүйе тұсындағы деп қарастыруға болады. Патша өкіметі тұсындағы сирек кітаптардың әсіресе қазақ кітаптарының сыртқы мұқабасынан, титул бетінен, жазушылар, ғалымдар, шығарушылардың суреттерімен безендіріледі. Жалпы 1917 жылға дейін бір мыңнан астам қазақ кітаптары басылып шыққан. Бұл санға кейбір кітаптың бірнеше басылып шыққандығын да қосуға болады. Сирек кітаптардың кейбірінің таралымы үлкен тиражда шығарылған.

Сирек кітаптарды мазмұнына қарай әдеби, тарихи, философиялық, діни, тарихи, шаруашылық, саяси деп бөлуге болады. Қазақ тіліндегі кітаптар Қазан, Уфа, Орынбор сияқты қалаларда басылған.

Қазақ кітаптарының арасынан Шоқан, Ыбырай, Абайдан басқа ХХ ғасырдың басында М.Ж. Көпеев, А. Байтұрсынов, С. Көпеев, М. Дулатов, М. Кәшмов және т.б. еңбектерін кездестіруге болады.

арасында 300-ге жуық діни мазмұндағы Құран кітаптары, тәпсірлер мен хадистер бар. Бұл Құрандар Иран, Мысыр, Үндістанда, Ресей, Орталық Азия мен Түркия елдерінде басылған. Сонымен қатар Стамбұл мен Ташкент, Қазан қалаларында, баспаханаларында жарық көрген. Шығыс тілдеріндегі кітаптардың ішіндегі ең көнесі парсы тіліндегі «Китаб-и хақиқат нема» кітабы. 1833 жылы жарық көрген, бірақ қай қалада, жерде жарық көргені туралы мәлімет жазылмаған. Бірақ баспаханасы көрсетілген (Қазақстан Республикасы, 2015: 11).

Үндістан, Ресей, Орталық Азия мен Түркия сияқты елдерде шыққан Шығыс тілдеріндегі кітаптарды мазмұнына қарай бөлуге болады. Мысалы, Үндістаннан шығарылған, қорға түскен кітаптарды мазмұнына қарай бөлсек, басымы поэзияға, прозаға, діни тақырыптарға арналды. Бұлардың басымын Құран кітаптары, тәпсірлер мен хадистер құрайды. Кітапхана қорында 300-ге жуық құрандар бар.

Ежелгі заманнан Қытай, Иран, Мысыр, Үндістан сияқты елдерде тарихи оқиғалар мен тарихи құбылыстарды жазу дәстүрі қалыптасты. Кітаптардың ішінде осы мемлекеттерден

әкелінген шығыс тілдеріндегі еңбектердің маңызы зор. Бөлімдегі ең көп сақталған парсы тілдерінде кітаптардың саны – 428. Бұл қолжазбалар Иран, Үндістан, Орталық Азия, Ресей, Әзірбайжан, Ауғанстан, Мысыр, Түркия және Пәкістан елдерінде жарық көрген. Осы шығыс тілдеріндегі кітаптардың ішіндегі ең көнесі 1833 жылы жарық көрген, парсы тіліндегі «Китаб-и хақиқат нема» деп аталынатын саяси-діни мазмұндағы кітап. Оның жарық көрген жері, яғни еді мен қаласы белгісіз, баспасы – Иоанна типографиясы.

Жалпы, Сирек қорда сақтаулы парсы тіліндегі кітаптардың көпішілігі Иранда ғана емес, Үндістанда, Орталық Азия мен Түркия елдерінде басылған (Қазақстан Республикасы, 2015: 11). Сонымен қатар бөлімнің сирек қорында Ресейдің Санкт-Петербург, Москва сияқты қалаларында шыққан шығыс тілдеріндегі кітаптар да бар. Бұлардың арасында тарихқа, діни, философиялық тақырыптарға арналған оқу құралдары, сөздіктер кездеседі. Мәселен, Рашид ад-дин Фазаллах ибн-и Абу-лХайыр Әли Хамаданидің «Тарих-и Чингиз-хан/История Чингиз-хана от восшествия его на престол» кітабы СПб-дағы Императорлық Ғылыми Академиясының типографиясында басылған. Шыққан жылы белгісіз. Барлық беті – 231. Бұл еңбек Ғазан ханның тапсырысы бойынша жазылған. Онда Шыңғыс ханның шығу тегінен бастап, оның әйелдері, балалары, саяси билігі мен ұрпақтарының жорықтары жөнінде құнды деректер бар. Осы еңбектегі деректерге сүйене ғалымдар моңғол әскерінің тәртібі, құрамы жайында еңбектерінде жазып жүр. Сонымен қатар кітапта түркі тайпаларының салт-дәстүрі туралы да мәліметтер жетерлік (Рашид ад-дин, 231).

Қорда Рашид ад-дин Фазаллахтың екінші кітабы «Джами ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) шығармасы. Бұл шығарма кезінде Ғазан ханның тапсырысымен жазылған екен. Кітаптың екінші атауы «Моңғол тарихы» дап аталады. Жалпы кітап үш томнан тұрады. Парсы тілінде жазылған. Кітаптың осы парсы тіліндегі алғы сөзін Әбд әл-Кәрим Әли заде жазса, ал орыс тіліндегісін А.А. Ромаскевич жазған екен. Бұл кітаптың тарихи маңыздылығы аса зор. Онда Хулгу хан, Абаға хан, Арғұн хан, Ғазан хан туралы толымды туралы мәліметтер бар.

Шығыс тілдеріндегі сирек кітаптардың ішінде көп кездесетіні Қытай тіліндегі кітаптар. Бұл кітаптар кітапханаға түрлі жолдармен: сыйға тартумен, іссапар барысында, дүкендерден сатып алумен келген. Қытай тілінде шыққан кітаптарды тарихи, этнографиялық, медициналық, діни, заңнамалы, музыкалық, философиялық, әдеби, философиялық, географиялық, астрономиялық, экономикалық деп бөлуге болады. Осы еңбектерден қазаққа қатысты қытай мен қазақ халықтар арасындағы саяси, экономикалық байланыстары, қазақтың мал шаруашылығы, сауда айырбасы, елшілік, ойрат тайпалары туралы мәліметтер аламыз.

Қытай кітаптарының арасында ең көнесі 1613 жылы жарық көрген Хо Жуанның «Дун И Бау Жян» (Шығыс медицинасының жауһары) деп аталған 25 томдық жинағы. Бастапқыда бұл кітап «Тонгуй погам» деген атпен корей тілінде жарық көрген. Сондықтан корей халқының ежелгі шығу тарихына арналған аса құнды еңбек деуге болады. Еңбек 1613 жылы қытай тілінде басылып шыққан. Тарихи оқиғалардан басқа кітаптың 25 томы адамдарды аурудан емдеу тәсілдері мен дәрілік шөптер жайында және оларды қолдану барысы жақсы мәліметтер айтылады. Кітаптың өзге тілдердегі 30- дан астам нұсқасы бар (Хо Жуан, 25 том: 1613).

Қытай тілінде жазылған кітаптардың арасында қазақ тарихына, қазақ хандары туралы құнды мәліметтер беретін кітаптар да кездеседі. Бұл Жи Хуан мен Лю Таңның Ханчжоу қаласындағы Жыжиян литографиясында 1882 жылы жарық көрген «Хуанчау Туңдянь» немесе «Патшалық жарғысы» деп аталатын 100 томдық кітабы. Еңбектен қазақ хандары мен қытай билеушілерінің арасындағы саяси, сауда байланыстары туралы мәліметтер келтіріледі және мұнда қазақ хандығының картасы да бар (Хуан, Лю Таң, 1882).

Орыс немесе славян тілдерінде жазылған еңбектердің арасынан үлкен көлемді сирек кітаптардың біріне Кітапхана қорындағы ең үлкен көлемді кітап – 106 беттен тұратын,

«Описание священнейшего коронования их императорских величеств, государя императора Александра II и государыни императрицы Марии Александровны всея России» атты кітап. Бұл кітап 1865 жылы Париж қаласында жарық көрген. Тиражы 150 дана. Кітаптың көлемі: ұзындығы 92 см., ені 68 см., салмағы 22 кг. Кітапта Ресей императоры Александр II-нің таққа отыру рәсімі суреттеледі Қазақтан сұлтаннар майор Шорманов, подполковник Татенев және Әблес-Әлидің шақырылғаны да келтіріледі. Кітап жақсы сақталынған. Суреттері анық, жыртылмаған, мүжілмеген.

Сонымен қатар шығыстанушы, тарихшылар, Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтардың тарихын зерттеуші В.В. Бартольд, А.Н. Берштам, А.Ю. Якубовский, Н. Веселовский және т.б. ғалымдардың еңбектері сақталған. Бұлардың арасында А.Н. Берштам түркі халықтарының тарихына арналған «К вопросу о возникновении классов и государства у турок VI-VIII вв. н.э.», «Наследственность и выборность у древних народов Центральной Азии», «О древнейших следах Джекания в тюркских языках Средней Азии», «Происхождение турок», В.В. Бартольдтың «История турецко-монгольских народов», «История Туркестана», «К вопросу об асууариях Туркестанского края», «Несколько слов об арийской культуре в Средней Азии», «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью», «Системы счисления Орхонских надписей в современном диалекте», «В.В. Томсон и история Средней Азии» және тағы басқа зерттеулерін, А.Ю. Якубовскийдің «Феодализм на Востоке. Столица Золотой Орды. Исторический очерк» еңбегін, Н. Веселовскийдің «История Средней Азии» зерттеуін айтуымызға болады.

Ғылыми кітапхана қорында шет тілдеріндегі, нақтырақ келтірсек неміс, француз, ағылшын, латын, итальян және басқа халықтардың тілдеріндегі сирек кітаптардың саны 500-ден асады. Осы кітаптар жайында ғылыми кітапхананың 2015 жылы библиографиялық көрсеткіші жарық көрді («Ғылым ордасы», 2015: 224).

Сирек қорда сақталған, деректік маңызы зор бұл - мерзімді баспасөз болып табылады. Мерзімді басылымды әркім әртүрлі түсінуі, пайдалануы мүмкін Бұл жайында деректанушы Қамбар Атабаев: «Мерзімді басылымдарды түрлі мамандық иелері әр түрлі мақсаттармен, әр түрлі қырынан зерттеуі мүмкін. Егер журналистерді нақтылы басылымның әдебипублицистикалық сапасы, автордың материалды бере білу шеберлігі қызықтырса, тарихшыны өзі зерттеп жүрген тақырыбы бойынша жарияланған фактылық материалдар қызықтырады. Ал деректанушы баспасөзді оның деректік маңызы мен ерекшеліктерін көрсету үшін, жалпы тарих дерегі ретіндегі ғылыми құндылығын анықтау үшін зерттейді», - деп жазған болатын (Атабаев, 2000:190).

Қорытынды

Кітап адамзат үшін асыл қазынаның бірі болып табылады. Әрбір халықтың мәдени, рухани байлығы. өркениеттік өресі осы кітаптармен өлшенеді. Кітаптың құдіреттілігі сонша, ол адамзат баласының сана-сезімінің өсуіне, өресінің кеңеюіне, мәдени сөйлеп, тәрбиелі, адамгершілікті болуына ой тастайды. Кітаптың тарихы тереңде жатыр. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа аманат ретінде қалып, кітапхана төрінде сақталған жәдігерлердің халқымыздың тарихы, мәдениеті, әдебиетін зерттеуде аса маңызды. Кітапхана қорындағы әрбір сирек кітаптар мазмұнына қарай құндылығын әлі де жоғалтпай, ғылым саласында қолданылып отыр. Қай тілде болмасын қолжазбалар, сирек кітаптар ішіндегі деректермен бағаланады, өлшенеді. Олардың рухани құндылығы сонда, оқырмандарын тауып, солардың кәделеріне жараса. Озық білім де, жоғарғы ғылыми жетістік те, барлығы осы кітаптар арқылы жүзеге асады. Сирек кітаптар мен қолжазбалардың, мерзімді басылымдардың сұранысы болашақта да ұлғаятындығы сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- Асанова Б.С. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2014. – 300 б.
- Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дереккөзі (1870-1918). – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
- ҒО ҒА. («Ғылым ордасының» Ғылыми архиві). 10-қ., 1-т. 1-іс. 10-пп.
- ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 3-іс. 6, 6 арт.-пп.
- ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 3-іс. 10-п.
- ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 10-іс. 6-п.
- ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 12-іс. 4-5-пп.
- Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы материалдар жинағының мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші. IV-кітап. I-бөлім. А-Е. /Құраст. М.Шафиғи, Р.Т. Бірімжарова, Г.М. Абиқова, Г.Қ. Егеубаева; Бас ред. К.К. Әбуғалиева, Қ.Е. Қаймақбаева; Ғылыми ред. М. Шафиғи, П. Әуесбаева. – Алматы: 2015. – 248 б.
- «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапхана қорында сақтаулы шет тіліндегі сирек кездесетін кітаптардың мазмұндалған суретті библиографиялық көрсеткіші /Құраст. Н.В. Никитинская, Г.М. Абиқова; Бас ред. Қ.Е. Қаймақбаева. – Алматы, 2015. – 224 б.
- Культурная жизнь в СССР. 1928-1941. – Москва, 1976.
- Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.2. 2-ші кітап. – Алматы, 1965. – 315 б.
- Қазақ жазбаларындағы хандар шежіресі /кіріспе, түркі-шағатай тілінен қазіргі әріптерге түсірген, факсимилесін, көрсеткіштерін дайындағандар М. Шафиғи, С. Саттарұлы, Г.М. Абиқова; бас ред. Ә.Қ. Муминов, ред. Қ.Е. Қаймақбаева. – Алматы: Ғылым ордасы, 2015. – 310 б.
- Қазақ шежірелері және ұлттық таным мәселелері /Құраст. Р.Т. Бірімжанова, Г.Әбіқова. – Алматы, 2005. – 167 б.
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» Ғылыми кітапханасының Сирек қорындағы парсы тіліндегі кітаптардың каталогы / Құраст. Ғ.Ә. Қамбарбекова; Бас ред. Қ.Е. Қаймақбаева; Жауапты ред. Ә.Қ. Муминов. – Алматы: «Ғылым ордасы» баспа үйі, 2015. – 400 б.
- ҚР БҒМ ОҒК. Қолжазба, 840-папка. №1.
- Мұра: Орталық ғылыми кітапхананың 70-жылдық мерейтойына арналады /Құрастырушылар: К.К. Әуғалиева, Р.Т. Бірімжанова, Қ.Е. Қаймақбаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. – 250 б.
- Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – с.272.
- ОҒК. Қолжазбалар қоры. 23-қ., 1-т. 23-іс 1-13-бб. ОҒК. Қолжазбалар қоры. 23-қ., 1-т. 26-іс 40-б.
- ОҒК. Қолжазбалар қоры. 25-қ., 1-т. 28-іс 1-3-бб.
- Отчет о работе центральной научной библиотеки АН Казахской ССР за 1953 год. Алма-Ата, 1956.
- Отчет о работе центральной научной библиотеки АН Казахской ССР за 1959 год. – Алма-Ата, 1959.
- Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар, 1807 – 1917. Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 1978. – 170 б.; «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапхана қорындағы сақтаулы шет тіліндегі сирек кездесетін кітаптардың мазмұндалған суретті библиографиялық көрсеткіші / Құрастырған Никитинская Н.В., Абиқова Г.М.; Бас ред. Қ. Қаймақбаева. – Алматы: «Ғылым ордасы» баспа үйі, 2015. – 224 б.; «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының Сирек қорындағы парсы тіліндегі кітаптардың каталогы / Құрастырған Ғ.Ә. Қамбарбекова. Бас ред. Қ. Қаймақбаева; Жауапты ред. Ә.Қ. Муминов. – Алматы: «Ғылым ордасы» баспа үйі, 2015. – 400 б.; Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы материалдар жинағының мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші. 4-кітап. 1 бөлім. А-Е / Құраст. М. Шафиғи, Р.Т. Бірімжарова, Г.М. Абиқова, Г.Қ. Егеубаева; Бас ред. К.К. Әбуғалиева, Қ.Е. Қаймақбаева; Ғылыми ред. М. Шафиғи, П. Әуесбаева. – Алматы, 2015. – 248 б.; Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы материалдар жинағының мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші. 5-кітап / Құраст. М. Шафиғи, Г.М. Абиқова, Г.Қ. Егеубаева, Б. Төлімбетова; Бас ред. Қ.Е. Қаймақбаева. – Алматы, 2015. – 288 б.; История Казахстана. Аннотированный библиографический указатель казахских, русских книг и рукописей, хранящихся в фондах Центральной научной библиотеки. – Алматы, 2007. – Т.1-2.
- Рашид ад-дин Фазаллах ибн-и Абу-л-Хайыр Әли Хамадани. Тарих-и Чингиз-хан/История Чингизхана от восшествия его на престол. / Баспаға әзірлеген, алғысөзін жазған және орыс тіліне аударған: И.Н. Березин. – СПб., Императорлық Ғылым Академиясының типографиясы, ж.ж.б. – 231 б.
- Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларды сақтаудың өзекті мәселелері, ғылыми зерттеудегі өзара ықпалдастық және жаңа технологияларды енгізу: ҚР БҒМ ОҒК ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы, 2004. – 139 б.

«Сирек кітаптар мен қолжазбалардың ғылымдағы орны мен маңызы» атты ғылым күніне арналған дөңгелек үстел материалдары / Жауапты редактор Қ. Қаймақбаева. – Алматы: «Ғылым ордасы», 2013. – 260 б.
 Хо Жуан. Дун И Бау Жян. (Шығыс медицинасының жауһары). 25 том. 1613.
 Хуан, Лю Таң. Хуанчау Тундьян. 2100 том. – Ханчжоу: Жыжиян литографиясы, 1882.

REFERENCES

- Asanova B.S. Qazaqstandagi kitaphana isinin tarixy: oqu quraly [History of library science in Kazakhstan: textbook]. – Алматы: Qyzdar universiteti baspasy, 2014. – 300 b. [in Kazakh].
- Atabaev N. Qazaq baspasy Qazaqstan tarixyna deiin (1870-1918) [The Kazakh press is the source of the history of Kazakhstan (1870-1918)] – Алматы: Qazaq universiteti, 2000. – 358 b.[in Kazakh]. GO GA. ("Gylym ordasi" RMKGylymi arhivi) Scientific archive of RSE "Gylym Ordasy". 10-q., 1-t. 1-is. 10-pp. [in Kazakh].
- GO GA. [Scientific archive of RSE "Gylym Ordasy"] [in Kazakh]. 10-q., 1-t. 3-is. 6,6 art.-pp.
- GO GA. [Scientific archive of RSE "Gylym Ordasy"] [in Kazakh]. 10-q., 1-t. 3-is. 10 p. GO GA. 10-q., 1-t.10-is. 6-p. [Scientific archive of RSE "Gylym Ordasy"] [in Kazakh].
- GO GA. [Scientific archive of RSE "Gylym Ordasy"] [in Kazakh]. 10-q., 1-t.12-is. 4-5-pp.[in Kazakh].
- Qylymy kitaphananin qoljazbalar qorında saқтаулы материалдар jnaginин mazmundalğan bibliografialyq korsetkishi. IV-kitap. I-bilim. A-E. [Bibliographic index of the collection of materials stored in the manuscript fund of the scientific library. Book IV. Part I. A-E.] / Qurast. M.Shafiqi, R.T. Birimjarova, G.M. Abikova, G.Q. Egeubaeva; Bas. red.: Abugaheva, Q.E.Qaimaqbaeva; Qylymi red.: M. Shafiqi, P. Auespaeva. – Алматы: 2015. – 248 b. [in Kazakh].
- "Gylym ordasy" RMK Gylymi kitaphana qorında saқтаулы shet tilindegi sirek kezdesetin kitaptardin suretti bibliografialyq korsetkishi [Bibliographic index with illustrations of rare books in foreign languages stored in the Scientific Library of RSE "Gylym Ordasy"]/ Qurast. N.V. Nikitinskaya, G.M. Abikova; Bas. red. Q.E. Qaimaqbaeva. – Алматы, 2015. – 224 b.[in Kazakh, in Russian].
- Kulturnaiya jizn v SSSR. 1928-1941. [Cultural life in the USSR. 1928-1941.]. – Moskva, 1976.[in Russian].
- Qazaq adebietinin tarixy [History of Kazakh literature]. T.2.2-shi kitap. – Алматы, 1965. – 315 b.[in Kazakh].
- Qazaq jazbalarındaǵı handar shejiresi [Chronicle of khans in Kazakh inscriptions]/ kirispe, turki-shagatai tilinen qazirgi aripterǵe tusirgen, faksimlesin, korsetkishterin daiindagan M.Shafiqi, S. Sattaruli, G.M. Abikova; Bas. red. A.Q. Muminov. – Алматы: Gylym ordasi, 2015. – 310 b.[in Kazakh].
- Qazaq shejireleri jane ulttiq tanyım maseleleri [Kazakh genealogies and issues of national identity] / Qurast. R.T. Birimjarova, G. Abikova. – Алматы, 2005. - 167 b.[in Kazakh].
- Qazaqstan Respublikasi Bilim jane gylym ministrliǵi Gylym komiteti "Gylym ordasi" RMK Gylymi kitaphanasinin Sirek qorındaǵı Parsi tilindegi kitaptardin katalogi [Catalog of books in Persian in the Rare Fund of the Scientific Library "Gylym Ordasy" of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan] / Qurast. G.A. Qambarbekova; Bas. red. Q.E. Qaimaqbaeva; jauapti red. A.Q. Muminov. – Алматы: "Gylym ordasi" baspa uii, 2015. – 400 b.[in Kazakh, in Russian].
- QR BGM OGG. Qoljazba, 840-papka. №1. [CSL of the MES RK. Manuscript, folder 840. №1.] [in Kazakh].
- Mura: Ortalyq gylymi kitaphananin 70-jildiq merkesine arnaladi [Heritage: Dedicated to the 70th anniversary of the Central Scientific Library]. – Алматы: Ortalyq gylymi kitaphana, 2002. – 250 b.[in Kazakh, in Russian].
- Nauka Sovetskogo Kazakstana (1920-1980) [Science of Soviet Kazakhstan (1920-1980)]. – Alma-Ata, 1981. – s.272.[in Russian]
- GO GA. 23-q., 1-t.23-is 1-13-bb. [Scientific archive of RSE "Gylym Ordasy"] [in Kazakh].
- GO GA. 23-q., 1-t.26-is 40-b. [Scientific archive of RSE "Gylym Ordasy"] [in Kazakh].
- GO GA. 25-q., 1-t. 28-is 1-3-b. [Scientific archive of RSE "Gylym Ordasy"] [in Kazakh].
- Otchet o rabote Cshentralnoi nauchnoi biblioteki AN Kazahskoi SSR za 1953 god [Report on the work of the Central Scientific Library of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR for 1953]. – Алматы, 1956.[in Russian].
- Otchet o rabote Cshentralnoi nauchnoi biblioteki AN Kazahskoi SSR za 1959 god [Report on the work of the Central Scientific Library of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR for 1959]. – Алматы, 1959.[in Russian].
- Revolutsiaga deiin qazaq tilinde shyqqan adebi kitaptar, 1807-1917.Anotasiyalangan bibliografialyq korsetkish. – Алматы, 1978. – 170 b.; "Gylym ordasi" RMKGylymi kitaphana qorındaǵı saқтаулы shet tilindegi Sirek kezdesetin kitaptardin bibliografialyq korsetkishi / Qurastyrgan Nikitinskaya N.V., Abikova G.M.; Bas. red. Q.E.Qaimaqbaeva. – Алматы, 2015. - 224 b.; Qazaqstan Respublikasi Bilim jane gylym ministrliǵi Gylym komiteti "Gylym ordasi" RMK Gylymi kitaphanasinin Sirek qorındaǵı Parsi tilindegi kitaptardin katalogi / Qurast. G.A. Qambarbekova; Bas. red. Q.E. Qaimaqbaeva; jauapti red. A.Q. Muminov. – Алматы: "Gylym ordasi" baspa uii, 2015. – 400 b.; Qylymy kitaphananin qoljazbalar qorında saқтаулы материалдар jnaginин mazmundalğan bibliografialyq korsetkishi. IV-kitap. I-bilim. A-E. / Qurast. M.Shafiqi, R.T.

Birimjarova, G.M. Abikova, G.Q. Egeubaeva; Bas. red.: Abugal'eva, Q.E.Qaymaqbaeva; Qylymi red.: M. Shafiqi, P. Auespaeva. – Almaty: 2015. – 248 b.; Qylymy kitaphananin qoljazzbalar qorında saqtauly materialdar jinaginın mazmundalğan bibliografialyq korsetkishi. 5-kitap / Qurast. M. Shafiqi, G.M. Abikova, G.Q. Egeubaeva, B.Tolimbetova; Bas.red. Q.E.Qaymaqbaeva. – Almaty, 2015. - 288 b.; Istoriya Kazakhstana. Annotirovanny bibliograficheskiy ukazatel' kazakhskikh, russkikh knig i rukopisey, khryanyashchikhsya v fondakh Tsentral'noy nauchnoy biblioteki. – Almaty, 2007. – T.1-2. [Literary books published in the Kazakh language before the revolution, 1807 - 1917. Annotated bibliographic index. Bibliographic index with illustrations of rare books in foreign languages stored in the Scientific Library of RSE "Gylym Ordasy"; Catalog of books in Persian in the Rare Fund of the Scientific Library of RSE "Gylym Ordasy"; Bibliographic index of the collection of materials stored in the manuscript fund of the scientific library. Book 4. Section 1. A-E .; Bibliographic index of the collection of materials stored in the manuscript fund of the scientific library. Book 5.; History of Kazakhstan. Annotated bibliographic index of Kazakh, Russian books and manuscripts stored in the funds of the Central Scientific Library.] [in Kazakh, in Russian].

Rashid ad-Din Fazallah ibn-i Abu-l-hair Alı Hamadanı. Tarıh - ı Chingiz-han / Istoriya Chingiz-hana ot vosshestviya ego na prestol [History of Genghis Khan / History of Genghis Khan from his ascension to the throne] / Baspaga azirlegen, algısozin jazgan jane orıs tiline audargan: I.N. Berezin. – SPb.: Imperatorliq Gılim Akademiya'sın tipografiyası, – 231 bet. [in Kazakh, in Russian].

Sirek kezdesetin kitaptar men qoljazzbalardı saqtaudın ozekti meseleleri, gylymi zertteudegi ozara ıqpaldastıq jane jana tehnologiyalardı engizu . [Topical issues of preservation of rare books and manuscripts, interaction in research and introduction of new technologies]: QR BGM O GK gylymipraktikalıq konferenciya'sın materialdarı. – Almatı, 2004. – 139 b.[in Kazakh, in Russian].

«Sirek kitaptar men qoljazzbalardıń gylymdaǵı ornı men manızı»[The place and importance of rare books and manuscripts in science] atı gylym kunine arnalğan dongelek ustel materialdarı / Jauaptı redaktor Q. Qaymaqbaeva. – Almatı: «Gylym ordası», 2013. – 260 b. [in Kazakh, in Russian].

Ho Jwan. Dun I Bau Jyan. (Shıǵıs medisinasınıń jauharı)[Masterpiece of Oriental Medicine]. 25 tom. 1613. [in Kazakh, Chinese].

Huan, Lyu Tan. Huachau Tundyan[Huangchou Tungdian.]. 2100 tom. – Hanchou: Jıjiyan litografiyası, 1882.[in Kazakh, Chinese].

МАЗМҰНЫ

Абикова Г.М., Бегімова М.Қ. ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАНЫҢ СИРЕК КІТАПТАРЫ МЕН ҚОЛЖАЗБАЛАР	5
Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ҚАЛАСЫНЫҢ ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ	18
Асанова Г.К. А.И. ЛЕВШИННИҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫНЫҢ БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ.....	36
Асанова Г.К. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ГЕНЕЗИСІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ШЫҒЫС (ЕУРОПАЛЫҚ ЕМЕС) ЖОЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ КОНТЕКСТІНДЕ.....	52
Бисембаева Л.А., Әлімбаев Ұ.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРЫС ОҚУ ОРЫНДАРЫ, ОЛАРДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚҚА ӘСЕРІ (XIX ғ. II жарт. -XX ғ. басы).....	65
Борбасов С.М. «АЛАШ» ПАРТИЯСЫ СЕРЕКЕЛЕРІНІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ҚАЛЫПТАСУЫ ИДЕЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ.....	78
Жаңабаев Қ., Түргенбаева А.Ш., Шотанова Г.А. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ЖЫРДЫҢ «ФОРМУЛЬДІК СТИЛЬ» МЕН ТІЛ.....	100
Исова Л., Қайпжан Ж., Туманшиев Д., Тұран Н. ЛАТВИЯ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТ ТӨНДРЕГІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	115
Кәрімов М.Қ., Ибраимова М.С., Даутова А.Ф., Құдайбергелулы Б. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНА БЕЙІМДЕЛУІ (XIX ғ. – XX ғ. басы).....	129
Нұрбай Қ.Ж. XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-КОНФЕССИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР: ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕ.....	145
Оразбаева Ф.Ш. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТАРИХЫ.....	159
Рүстемов С.К., Оразов Р.Е. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ЛИБЕРАЛИЗМ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....	177
Сәтенова М.Р. ЦИН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОСЫ ТҮРҒЫДА РЕСЕЙМЕН ТЕКЕТІРЕСІ.....	191
Сманова А.М., Чаргынова Г.О. ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖЕТШАҒАР МЕМЛЕКЕТІНІҢ КҮЙРЕУІНЕ ҚАТЫСТЫ KEЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР.....	205
Турмахан Н. ЕРТЕ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА (тарихнамалық шолу).....	216
Уалтаева А.С., Досымқары С.М. КЕДЕН САЛАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ-ҚАЗАҚСТАН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ.....	226
Удербасова С.К. ЖЕТІСУ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ БОЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУ, ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XIX-XX ғғ. БАСЫ).....	236
Якубов И.Х., Нуриддинов У. АМЕРИКАНДЫҚ ӘСКЕРЛЕРДІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛУЫНЫҢ САЛДАРЫ. ӨЗБЕКСТАНДЫҚ КӨЗҚАРАС ТҮРҒЫСЫНАН.....	249

СОДЕРЖАНИЕ

Абикова Г.М., Бегимова М.К. РЕДКИЕ КНИГИ И РУКОПИСИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ.....	5
Акымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С. ОСТЕОЛОГИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА АСПАРА (по материалам раскопок 2014 г.).....	18
Асанова Г.К. НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ А.И. ЛЕВШИНА КАК ПЕРВОКЛАССНЫЙ ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	36
Асанова Г.К. ГЕНЕЗИС КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В КОНТЕКСТЕ ОБЩЕЙ КОНЦЕПЦИИ ВОСТОЧНОГО ПУТИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ГОСУДАРСТВ.....	52
Бисембаева Л.А., Алимбай У.М. РУССКИЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА МЕСТНОЕ НАСЕЛЕНИЕ (вторая половина XIX века - начало XX века).....	65
Борбасов С.М. ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ ЛИДЕРОВ ПАРТИИ «АЛАШ» В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИДЕИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	78
Жанабаев К., Тургенбаева А.Ш., Шотанова Г.А. «ФОРМУЛЬНЫЙ СТИЛЬ» И ЯЗЫК ЭПОСА В КАЗАХСКИХ И ЗАРУБЕЖНЫХ ИСТОЧНИКАХ.....	100
Исова Л., Қайпжан Ж., Туманшиев Д., Туран Н. ЛАТВИЯ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	115
Каримов М.К., Ибраимова М.С., Даутова А.Ф., Құдайбергелулы Б. ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЕ АДАПТАЦИЯ К РЫНОЧНЫМ ОТНОШЕНИЯМ (XIX в. – НАЧАЛО XX в.).....	129
Нурбай К.Ж. ГОСУДАРСТВЕННО-КОНФЕССИОНАЛЬНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ XX в.: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА.....	145
Оразбаева Ф.Ш. ИСТОРИЯ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА.....	159
Рустемов С.К., Оразов Р.Е. МУСУЛЬМАНСКИЙ ЛИБЕРАЛИЗМ НАЧАЛА XX ВЕКА И ДВИЖЕНИЕ «АЛАШ».....	177
Сатенова М.Р. ПОЛИТИКА ЦИНСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ И ПРОТИВОБОРСТВО В ДАННОМ ВОПРОСЕ С РОССИЕЙ.....	191
Сманова А.М., Чаргынова Г.О. НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ОТНОСЯЩИЕСЯ К РАСПАДУ ГОСУДАРСТВА ЙЕТТИШАР В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ.....	205
Турмахан Н. К ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМЫ ПРОИСХОЖДЕНИЯ РАННЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ (предварительный историографический обзор).....	216
Уалгаева А.С., Досымкары С.М. ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ РОССИЙСКО – КАЗАХСТАНСКОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В ТАМОЖЕННОЙ СФЕРЕ.....	226
Удербасева С.К. ОСОБЕННОСТИ СОЗДАНИЯ, ГЕОГРАФИЧЕСКОГО РАСПОЛОЖЕНИЯ ВОЛОСТЕЙ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ И СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТЯХ.....	236
Якубов И.Х., Нуридинов У. ПОСЛЕДСТВИЯ ВЫВОДА АМЕРИКАНСКИХ ВОЙСК ИЗ АФГАНИСТАНА. ВЗГЛЯД ИЗ УЗБЕКИСТАНА.....	249

CONTENTS

Abikova G.M., Begimova M.K. RARE BOOKS AND MANUSCRIPTS OF THE CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY	5
Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S. OSTEOLOGICAL DATA FROM THE MEDIEVAL SITE OF ASPARA (based on 2014 season excavation materials)..	18
Assanova G.K. HERITAGE OF A.I. LEVSHIN AS A FIRST-CLASS SOURCE ON THE HISTORY OF KAZAKH STATEHOOD.....	36
Assanova G.K. THE GENESIS OF THE KAZAKH STATEHOOD IN THE CONTEXT OF THE GENERAL CONCEPT OF THE EASTERN (NON-EUROPEAN) WAY OF THE EMERGENCE OF STATES.....	52
Bissembayeva L.A., Alimbai U.M. RUSSIAN EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN KAZAKHSTAN AND THEIR IMPACT ON THE LOCAL POPULATION (the second half of 19th century and the beginning of the 20 century)	65
Borbassov S.M. THE SPIRITUAL HERITAGE OF THE «ALASH» PARTY LEADERS IN THE CONTEXT OF KAZAKH STATEHOOD FORMATION.....	78
Zhanabaev K., Turgenbaeva A.Sh., Shotanova G.A. «FORMULA STYLE» AND THE LANGUAGE OF THE EPIC IN KAZAKH AND FOREIGN SOURCES.....	100
Issova L., Kaipzhan Zh., Tumanshiyev D., Turan N. KAZAKHSTAN-LATVIA: ISSUES OF COOPERATION IN THE FIELD OF INTERNATIONAL TRANSIT.....	115
Karimov M., Ibrayemova M., Dautova A., Kudaibergenuly B. SOME FEATURES OF THE TRADITIONAL KAZAKH ECONOMY AND ITS ADAPTATION TO MARKET RELATIONS (XIX -EARLY XX CENTURIES).....	129
Nurbay K.Zh. STATE-CONFESSIONAL RELATIONS IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE XX c.: HISTORIOGRAPHIC PROBLEM.....	145
Orazbaeva F.Sh. HISTORY OF THE KAZAKH LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY.....	159
Rustemov S.K., Orazov R.E. MUSLIM LIBERALISM OF THE EARLY TWENTIETH CENTURY AND THE ALASH MOVEMENT.....	177
Satenova M.R. POLICY OF THE QING EMPIRE IN THE KAZAKH STEPPE AND THE STRUGGLE WITH RUSSIA IN THIS MATTER.....	191
Smanova A. M., Charynova G. O. SOME ISSUES RELATED TO THE COLLAPSE OF YETTISHAR STATE IN EASTERN TURKESTAN.....	205
Turmakhan N. TO THE STUDY OF THE ISSUE OF EARLY SARMATIAN CULTURE ORIGIN (preliminary historiographic review).....	216
Ualtayeva A.S., Dossymkary S.M. MAIN ASPECTS OF RUSSIAN-KAZAKHSTAN INTERACTION IN THE CUSTOMS SPHERE.....	226
Uderbaeva S.K. FEATURES OF CREATION, GEOGRAPHIC LOCATION OF VOLOSTS IN SEMIRECHENSK AND SYRDARYA REGIONS (XIX-EARLY XX CENTURIES).....	236
Yakubov I.Kh., Nuriddinov U. CONSEQUENCES OF THE AMERICAN TROOPS WITHDRAWAL FROM AFGHANISTAN. THE VIEW FROM UZBEKISTAN.....	249

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2021. 2(26)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2021.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй